



УТВЕРЖДЕНЫ  
 решением Совета директоров  
 АО «Страховая компания «Евразия»  
 Протокол от «11 июня» 2024 года




**ПРАВИЛА ВМЕНЕННОГО СТРАХОВАНИЯ ДЛЯ ЦЕЛЕЙ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ИСПОЛНЕНИЯ  
 ОБЯЗАННОСТИ ПО УПЛАТЕ ТАМОЖЕННЫХ ПОШЛИН, НАЛОГОВ ПРИ СОВЕРШЕНИИ  
 ТАМОЖЕННЫХ ОПЕРАЦИЙ**

Разработчик	Дата	Подпись
Джангуреев Н.А., Заместитель Председателя Правления	11.06.2024	
<b>Отдел разработки и развития страховых продуктов</b>		
Кошман А.О., Начальник Отдела разработки и развития страховых продуктов	11.06.2024	
<b>Согласующие подразделения</b>		
Тульбаев Н.Ш., Заместитель Председателя Правления	11.06.2024	
Славкин Ю.В., Исполнительный директор	11.06.2024	
<b>Департамент перестрахования и андеррайтинга</b>		
Портной В.В., Директор Департамента перестрахования и андеррайтинга	11.06.2024	
<b>Юридический Департамент</b>		
Ахметова Д.Н., Директор Юридического Департамента	11.06.2024	
<b>Департамент риск-менеджмента</b>		
Бекетов Т.Н., Директор Департамента риск-менеджмента	11.06.2024	
<b>Комплаенс контролер</b>		
Абдуллаева А.З., COMPLIANCE контролер	11.06.2024	

**Мазмұны:**

- [1. Жалпы ережелер мен ұғымдар](#)
- [2. Сақтандыру объектісі](#)
- [3. Сақтандыру жағдайы](#)
- [4. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысының мөлшері](#)
- [5. Сақтандыру шартын жасау және ресімдеу тәртібі](#)
- [6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері](#)
- [7. Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі әрекеттері](#)
- [8. Сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау және оны жүзеге асыру тәртібі](#)
- [9. Сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы](#)
- [10. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату](#)
- [11. Тараптардың жауапкершілігі және еңсерілмейтін күш жағдайлары](#)
- [12. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі](#)
- [13. Сақтандыру шартының шарттарын өзгерту](#)
- [14. Сақтандыру шартын тоқтату және мерзімінен бұрын бұзу](#)
- [15. Дауларды шешу тәртібі](#)
- [16. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары \(форс-мажор\)](#)

**1. Жалпы ережелер мен ұғымдар**

**1.1.** «Евразия» СК» АҚ, бұдан әрі «Сақтандырушы» деп аталатын, кедендік операцияларды жасау кезінде кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету мақсаты үшін жүктелген сақтандыру ережелерінің талаптарында (бұдан әрі – Ережелер/Сақтандыру ережелері) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген үлгілік нысанға сәйкес сақтандыру шарттарын жасайды.

**1.2.** Сақтандыру шарттары бұдан әрі «Сақтанушы» деп аталатын заңды тұлғалармен және іс-әрекетке қабілетті жеке тұлғалармен жасалады.

**1.3.** Осы Сақтандыру ережелерінде пайдаланылатын негізгі ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) **Азаматтық кодекс** – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлімі).

2) **Кодекс** – «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі.

3) **Сақтандырушы** – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы болған кезде пайдасына осы Шарт жасалған тұлғаға (Пайда алушы) осы Шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;

4) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен (кепілгерлік, төлеуші немесе Кодекстің 96-бабының 3-тармағында көрсетілген тұлғалар) осы Шартты жасасқан тұлға;

5) **Пайда алушы** – осы Шартқа сәйкес сақтандыру төлемді алушы болып табылатын тұлға;

6) **сақтандыру жағдайы** – сақтандыру төлемін жүзеге асыруды сақтандыру шарты көздейтін оқиға;

7) **сақтандыру объектісі** – осы Кодексте белгіленген мерзімде кедендік операцияларды жасау кезінде кедендік баждарды, салықтарды, сондай-ақ Кодекстің 139-бабының 1 тармағында көрсетілген жағдайда арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарды төлеу бойынша өзінің міндеттерін орындауға байланысты Сақтанушының мүлдіктік мүддесі;

8) **сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді;

9) **сақтандыру сыйақысы** – Сақтанушының Сақтандырушыға, соңғысы Пайда алушыға осы Шартта айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

10) **сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы.

11) **КЖ және ТҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру.

**2. Сақтандыру объектісі**

**2.1.** Сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде мүліктік зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі, атап айтқанда кедендік операцияларды жасау кезінде Сақтанушының кедендік баждарын, салықтарын төлеу жөніндегі міндетін Кодексте белгіленген мерзімде орындамауы немесе тиісінше орындамауы сақтандыру объектісі ретінде танылады.

### **3. Сақтандыру жағдайы**

**3.1.** Осы Ережелерге сәйкес сақтандыру жағдайы Кодексте белгіленген мерзімде сақтандыру шартында көрсетілген кедендік операцияларды жасау кезінде Сақтанушының кедендік баждарын, салықтарын төлеу жөніндегі міндетін орындамау немесе тиісінше орындамау фактісі болып табылады.

**3.2.** Сақтандыру жағдайын қасақана жасау, сондай-ақ сақтандыру төлемін заңсыз алуға бағытталған өзге де алаяқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

### **4. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысының мөлшері**

**4.1.** Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы Кодекстің 100-бабы 2-тармағының немесе 102-бабы 3-тармағының ережелерін ескере отырып, Кодекстің 104 және 139-баптарына сәйкес Сақтанушы жасайтын кедендік операциялар негізге алына отырып, есептеледі және Кодекстің 97-бабы 4-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес кедендік баждарды, салықтарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етудің өзге тәсілімен қамтамасыз етілген соманы шегергенде, сақтандыру шартында көрсетілген мөлшерде белгіленеді.

**4.2.** Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, сондай-ақ оны төлеу тәртібі мен мерзімі сақтандыру шартында белгіленеді.

**4.3.** Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысы Сақтанушының ақшаны Сақтандырушының кассасына салу жолымен қолма-қол төлеммен не Сақтандырушының Сақтандыру шартында көрсетілген банк шотына ақша аудару жолымен қолма-қол ақшасыз төлеммен төлеуге жатады.

### **5. Сақтандыру шартын жасау және ресімдеу тәртібі**

**5.1.** Сақтанушының қалауы бойынша Сақтандыру шарты Сақтандырушыға жазбаша жүгіну жолымен, тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынған кезде, Компанияның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау ережелеріне» сәйкес, немесе Сақтандырушының Интернет-ресурсын және/немесе Сақтандырушының серіктесінің Интернет-ресурсын пайдалана отырып, тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті талаптарды сақтай отырып, Компанияның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау ережелеріне» сәйкес Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық нысанда ақпарат алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

**5.2.** Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушының сұрау салуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушыға/Сақтандырылушыға тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті өзге де ақпаратты беруге, сондай-ақ Сақтандырушыға Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) ықтимал залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.

**5.3.** Келесі жағдайлар маңызды деп танылады:

- 1) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және тұрғылықты жері;
- 2) сақтандыру объектісін көрсету;
- 3) сақтандыру жағдайын көрсету;
- 4) сақтандыру сомасын көрсету, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
- 5) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері;
- 6) Сақтандыру шартының жасалған күні және қолданылу мерзімі;
- 7) Сақтандырылушы және Пайда алушы туралы көрсету.

**5.4.** Өтініш-сауалнама Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Өтініш-сауалнама форматы Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес жасалған.

**5.5.** Сақтандыру шартына қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады және олар жазбаша түрде жасалған және екі Тарап қол қойған жағдайда ғана заңды күшіне енеді.

**5.6.** Егер Сақтандыру шарты Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына жауаптары болмаған кезде жасалған жағдайда немесе Сақтанушы/ Сақтандырылушы Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, соңғысы кейіннен Сақтандыру шартын бұзуды не тиісті мән-жайларды Сақтанушы (Сақтандырылушы) хабарламағаны негізінде оны жарамсыз деп тануды талап етуі мүмкін, сонымен қатар Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

**5.7.** Тараптардың ешқайсысы Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беруге құқылы емес.

**5.8.** Тараптар Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын, оның ішінде қажетті құжаттарды, мәліметтерді, куәліктерді ұсыну жолымен орындайды.

**5.9.** Сақтандырушы бас тарту себептерін түсіндірмей Сақтанушымен Сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы.

## **6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

### **6.1. Сақтанушы құқылы:**

- 1) Сақтандырушыдан осы Сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру қағидаларын, сақтандыру шарттарын, өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді алуға;
- 2) Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда, оның телнұсқасын алуға құқылы.

### **6.2. Сақтанушы міндетті:**

- 1) Сақтандыру шартын жасасқан кезде, Сақтандырушыға қажетті мәліметтерді және ұсынылған мәліметтерді растайтын құжаттардың ұсынуға;
- 2) Сақтандыру шартын жасаған кезде, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалауда елеулі маңызы бар барлық әйгілі мән-жайлар туралы хабардар етуге;
- 3) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйақысын төлеуге;
- 4) Сақтандыру шартын жасасу және қолданылу кезеңінде Пайда алушының пайдасына әрекет ететін немесе жасалынатын барлық сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 5) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы ақпараттандыруға;
- 6) сақтандыру жағдайының басталған мән-жайларының тергеуін қамтамасыз етуге;
- 7) сақтандыру жағдайының себептерін, барысын және салдарын анықтау шараларын, сондай-ақ сақтандыру жағдайынан туындаған шығындарды азайту шараларын қабылдауға;
- 8) сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы бойынша қолда бар ақпаратты хабарлауға және қажетті көмек көрсетуге;
- 9) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты өзге тұлғаға талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- 10) Сақтандырушыға оның соңғының талабы бойынша Сақтанушы сотқа дейін немесе сот тәртібінде үшінші тұлғалармен дауларды реттеу кезіндегі өкілеттігін ұсынуға;
- 11) сақтандыру жағдайының немесе салдары сақтандыру жағдайының кез келген қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) туындауына алып келуі мүмкін оқиғаның басталғаны туралы дереу, 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Ауызша нысандағы хабарлама кейінірек жиырма төрт сағаттың ішінде жазбаша расталуы қажет. Мұндай хабарламада мынадай ақпараттар: сақтандыру жағдайының басталуына алып келген әрекеттердің сипаты мен себептері, ықтимал зақымдану мөлшері, осы оқиғаға тартылған барлық адамдардың аты, байланыс деректері және мекен-жайы неғұрлым толық көлемде болуы қажет. Егер Сақтанушы көрсетілген әрекеттерді дәлелді себептерге байланысты орындай алмаса, ол мұны құжаттамалық растауы керек;
- 12) егер сақтандыру жағдайы осы Шарттың 9.1–тармағында көрсетілген жағдайлардың салдарынан басталған жағдайда, оның жүзеге асырылуы күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға оның жүзеге асырған сақтандыру төлемін толық көлемде өтеуге міндетті. Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға байланысты сақтандыру төлемінің сомасын және шығыстарды уақтылы өтемеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға әрбір кешіктірілген күн үшін өтелуге жататын сомадан 1 (бір) пайыз мөлшерінде (жазбаша түрде) тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті;
- 13) сақтандыру жағдайы басталған кезде 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Ережелердің 8.4–тармағында көрсетілген құжаттарды Сақтандырушыға табыс етуге;

14) Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған кез келген өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелін арттыруға елеулі ықпал жасайтындай болса, Сақтандырушыға дереу 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға (Азаматтық кодекстің 834-бабының 1-тармағы);

15) Сақтанушының кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу бөлігінде камералдық және (немесе) өзге де тексерудің басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

### **6.3. Сақтандырушы құқылы:**

1) Сақтанушы ұсынған мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының осы Сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;

2) сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай, оның ішінде Пайда алушыдан Сақтандырушы орындаған талап бойынша кез келген үшінші тұлғалардан тиісті өтем алу фактіні растайтын құжаттарды сұратуға және кедергісіз алуға, сондай-ақ Пайда алушы тиісті өтемді алу фактісін растаған жағдайда жүзеге асырылған сақтандыру төлемін қайтару туралы жазбаша өтінішпен Пайда алушыға жүгінуге;

3) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын анықтау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтер, және ықтимал залалдың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшері мен сақтандыру тәуекелінің бағасын алуға;

4) осы Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйақысын алуға;

5) сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарлама мен оның құжаттамалық дәлелдерін алуға;

6) сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін осы Сақтандыру шартының 9.1-тармағында көрсетілген жағдайларда Сақтандырушыға, не сақтандыру жағдайы басталғаны үшін жауапты өзге тұлғаға регресті талап қоюға;

7) сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін тиісті мемлекеттік органдардан және ұйымдардан, олардың құзыретіне қарай, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Пайда алушыға келтірілген залал мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

8) сотқа дейін немесе сот тәртібінде үшінші тұлғалармен дауларды реттеу кезіндегі Сақтанушының өкілеттігін алған кезінде Сақтанушы атынан сот органдарында сөз сөйлеуге;

9) осы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйақысын төлеуді талап етуге;

10) сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтанушыға қойылатын талап ету мөлшерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте даулауға құқылы.

### **6.4. Сақтандырушы міндетті:**

1) осы Шарт бойынша Сақтанушыны сақтандыру қағидаларымен, сақтандыру шарттарымен, оның құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;

2) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтінішін уақтылы қабылдауға;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Шартта белгіленген мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;

4) сақтандырудың құпиясын қамтамасыз етуге;

5) сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезіндегі шығындарды азайту үшін жүргізілген шығыстарды өтеуге міндетті.

### **6.5. Пайда алушы құқылы:**

1) осы Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін алуға;

2) Сақтандырушы кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу бойынша берешекке алып келген кедендік баждарды, салықтарды, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу туралы талаптарды орындамаған жағдайда, Сақтандырушыны Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне сәйкес жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдауға құқылы.

**6.6.** Пайда алушы Сақтанушы кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу бойынша міндеттерін орындамаған жағдайда, кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың, пайыздардың тиесілі сомасын төлеу туралы талапты жолдауға міндетті.

**6.7.** Сақтанушыда, Сақтандырушыда және Пайда алушыда Қазақстан Республикасының заңдарында, осы сақтандыру ережелерінде және Сақтандыру шартында және қарастырылған өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

### **7. Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі әрекеттері**

- 1.** Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оның келтірген залалдарын дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.
- 2.** Сақтандыру жағдайының белгілері бар және / немесе оған зиянды өтеу туралы талап қоюға себеп болуы мүмкін оқиға болған кезде Сақтанушы міндетті:
  - 1) талап қоюға себеп болуы мүмкін оқиғаға байланысты шығындарды азайту үшін қазіргі жағдайда ақылға қонымды және қол жетімді шараларды дереу қабылдауға;
  - 2) тиісті мемлекеттік немесе ведомстволық органдарда оқиғаның құжаттамалық ресімделуін қамтамасыз етуге;
  - 3) 2 (екі) жұмыс күні ішінде, өзі білген сағаттан бастап Сақтандырушыға немесе оның өкілетті өкіліне сақтандыру жағдайының белгілері бар және / немесе оған зиянды өтеу туралы талап қоюға себеп болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы жазбаша хабарлауға;
  - 4) онымен одан әрі іс-қимылдарды келісуге, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш беруге.
- 3.** Сақтанушы сақтандыру жағдайы бойынша барлық қосымша ақпаратты хабарлауға және Сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге міндетті.
- 4.** Сақтанушы Сақтандырушыға оның сұрау салуы бойынша коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді қоса алғанда, сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді беруге міндетті.
- 5.** Сақтанушы Сақтандырушыға (соңғысының талап етуі бойынша) талаптарды сотқа дейінгі және сот тәртібімен реттеу кезінде Сақтанушының өкілеттігін беруге міндетті.
- 6.** Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттерді жасамауға, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелерді қабылдамауға, жауапкершілікті мойындамауға, қандай да бір ұсыныстарды қабылдамауға, төлемдер жасамауға және сақтандырушының жазбаша келісімінсіз осы сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге міндетті.

### **8. Сақтандыру төлемінің мөлшерін және оны жүзеге асыру тәртібін айқындау**

- 8.1.** Сақтандыру жағдайының басталу фактісі және сақтандыру төлемінің мөлшері Пайда алушының төлем деректемелерін көрсете отырып, Пайда алушының жазбаша нысанда жолдаған кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың, пайыздардың тиісті сомаларын төлеу туралы талабының негізінде белгіленеді.
- 8.2.** Сақтандыру төлемі Пайда алушының кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың, пайыздардың тиесілі сомасын төлеу туралы талабында көрсетілген деректемелерге сәйкес Қазақстан Республикасының бюджетінде Сақтандырушының осындай талапты алған күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.
- 8.3.** Кодекстің 94–бабы 13–тармағына сәйкес бюджетке кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу күні сақтандыру төлемін жүзеге асыру күні болып саналады.
- 8.4.** Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде, Сақтандырушыға мынадай құжаттарды табыс етуге міндетті:
  - 1) сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтініш;
  - 2) Сақтандыру шартының көшірмесі;
  - 3) сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын мемлекеттік органдардың және ұйымдардың құжаттары;
  - 4) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасының, дара кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы немесе дара кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы хабарламасы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке тұлғаның жеке куәлігі туралы мәлімет бар оны қабылдаған талоны туралы;
  - 5) шығындарды азайту немесе алдын алу мақсатында Сақтанушы көтерген шығыстарды растайтын құжаттар;
  - 6) сатып алу-сату шартының (келісімшартының) көшірмесі;
  - 7) шот-фактуралардың көшірмесі (инвойс) (болған жағдайда);

8) кедендік операцияларды жүзеге асырғанын растайтын тіркеу туралы кеден органының белгісі бар транзиттік декларацияның немесе өзге де құжаттардың көшірмесі.

**8.5.** Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы толық құжаттар тізбесін және оларды қабылдап алу күнін көрсетумен анықтаманы 2 (екі) данада жасауға міндетті. Анықтаманың бір данасы Сақтанушыға беріледі, екінші данасы Сақтанушының оны олғанын белгілеумен Сақтандырушыда қалады.

**8.6.** Сақтанушы не оның өкілі осы Сақтандыру шартының 8.4–тармағында қарастырылған құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы дереу, бірақ 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтанушыны жетпейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етеді.

**8.7.** Сақтандыру төлемі осы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүзеге асырылады және одан аспауы керек.

**8.8.** Сақтандыру төлемі, егер сақтандыру жағдайы осы Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде болса, жүргізіледі.

**8.9.** Сақтанушы кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттерді орындамаған жағдайда, Пайда алушы Сақтандырушыға кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың, пайыздардың тиесілі сомаларын төлеу туралы талабын кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттемесін орындау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жолдайды. Бұл ретте кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндетті орындау мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап өсімпұлдар есепке жазылады.

**8.10.** Пайда алушының кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың, пайыздардың тиесілі сомаларын төлеу туралы талабы осындай талап алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Сақтандырушының бұлжытпай және міндетті орындауына жатады. Сақтандырушы көрсетілген талапты орындамаған немесе орындау мерзімін бұзған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікте болады.

## **9. Сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы**

**9.1.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушы мынадай:

1) Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандыру жағдайының туындауына не оның басталуына ықпал етуге бағытталған оның қасақана әрекеттерінің салдары басталған;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайына себепті байланысы бар қасақана жасалған қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған Сақтанушының әрекеттері жасалған;

3) сақтанушының сақтандыру жағдайы кезінде шығынды азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамаған;

4) сақтанушының сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдарлары туралы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған;

5) Сақтанушының өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша мұндай құжаттары болмаған жағдайларды қоспағанда, Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруіне кедергі келтірген, оның ішінде Сақтандырушыға осы Шарттың 7.4–тармағында көзделген сақтандыру жағдайы туралы толық құжаттар топтамасын ұсынбаған немесе уақтылы ұсынбаған;

6) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқықтарынан бас тартқан, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығын беру үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартқан жағдайларда жүзеге асырылатын сақтандыру төлемі шегінде Сақтанушыға кері талап қоюға құқылы.

**9.2.** Сақтандырушы сақтандыру нәтижесінде өтеген шығындары үшін жауапты адамға Сақтанушының кері талап қою құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде ауысады.

**9.3.** Пайда алушы сақтандыру төлемін алған кезде, Сақтанушы Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және Сақтандырушының талап ету құқықтарын жүзеге асыруға қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

## **10. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату**

**10.1.** Сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз болуы мүмкін Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғадан тиісті шығындардың өтелуін алуды.

**10.2. Егер сақтандыру жағдайы:**

- 1) ядролық жарылыстың зардабы, радиация немесе радиоактивті зақымдануы;
- 2) әскери іс–қимылдар;
- 3) азамат соғысының, алуан түрлі халық толқуларының, жаппай тәртіп бұзушылықтардың немесе ереуілдердің салдарынан басталған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

**10.3. Сақтандырушыны Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде белгіленген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздерінен басқа, Сақтандырушы келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға міндетті:**

- 1) Сақтанушының/ Сақтандырылушының / Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде болуы (ЖҚҚТҚ);
- 2) Сақтанушының/ Сақтандырылушының тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарын, сондай-ақ Сақтандырушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
- 3) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.

**10.4. Сақтандыру төлемінен бас тарту негіздері болған кезде Сақтандырушы Пайда алушының кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың, пайыздардың тиесілі сомаларын төлеу туралы талаптарын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Пайда алушыға жазбаша нысанда сақтандыру төлемге бас тарту себептерінің уәждемелі негіздемелері көрсетілген бас тарту туралы тиісті шешім жолдауға міндетті.**

**11. Тараптардың жауапкершілігі және еңсерілмейтін күштердің мән-жайлары**

**11.1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңмалық актілеріне және осы Шартқа сәйкес Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікте болады.**

**11.2. Егер тиісті орындау еңсерілмейтін күштердің мән-жайлары салдарынан мүмкін болмаса, Шарттың Тараптары осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.**

**11.3. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының құқықтық актілерінде қарастырылған өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, дүлей зілзалалар, террористік актілер, тыйым салынған шаралар және осы Шарттың орындалуына тікелей әсер еткен және Тараптар болжай алмаған өзге де ұқсас мән-жайлар болып табылады.**

**11.4. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары тоқтатылғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде еңсерілмейтін күш мән-жайларына ұшыраған Тарап басқа Тарапқа еңсерілмейтін күш мән-жайларының аяқталғаны және өз міндеттемелерінің орындалуын жаңғырту туралы жазбаша хабардар етуі тиіс.**

**11.5. Тиісінше хабардар етпеу, осы Шарт бойынша міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тарапты жауапкершіліктен босатуға негіз ретіндегі жоғарыда көрсетілген кез-келген мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айырады**

**11.6. Еңсерілмейтін күш салдарынан болған мән-жайлар тиісті құзыретті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құжаттарымен расталуы тиіс.**

**12. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі**

**12.1. Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады және Кодекстің 97-бабы 5-тармағының талаптарын ескере отырып, қолданылады.**

**12.2. Осы Шарттың қолданысы:**

- 1) осы Шарттың қолданыс мерзімі өткен;
- 2) сақтандыру төлемі толық көлемде жүзеге асырылған жағдайларда тоқтатылады

**12.3. Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі Сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.**

**12.4. Сақтандыру шартының қолданылу орны Қазақстан Республикасының аумағы болып табылады.**

**13. Сақтандыру шартының шарттарын өзгерту**

**13.1. Шарт талаптарын өзгерту Тараптардың бірінің өтініші негізінде екінші Тарап Пайда алушының жазбаша келісімі қоса берілген өтінішті алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Пайда алушының**

жазбаша келісімімен Сақтандырушы мен Сақтанушының өзара келісімі бойынша жүргізіледі және Тараптардың осы Шартқа қосымша келісімімен рәсімделеді.

#### **14. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату және бұзу**

**14.1.** Осы Шарт мынадай:

- 1) шарттың қолданыс мерзімінің өтуі;
- 2) Азаматтық кодекстің 841–бабына сәйкес осы Шартты мерзімінен бұрын тоқтату;
- 3) осы Шарттың қолданыс мерзімі ішінде орын алған сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырушы осы Шартта белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруы;
- 4) Пайда алушының осы Шартты бұзу туралы жазбаша келісімі болған кезінде Тараптардың келісімі болған жағдайларда тоқтатылған болып саналады. Бұзуға бастамашылық ететін Тарап екінші Тарапты Пайда алушының жазбаша келісімін қоса бере отырып, бұзуы болжанған күнге дейін кемінде күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын осы Шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы өзінің ниеті туралы хабардар етуге міндетті. Бұл ретте осы Шарт бұзылған күн Пайда алушының жазбаша келісім күнінен ерте болуы мүмкін емес.

**14.2.** Осы Шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылуы шарт талаптары Сақтандырушының кінәсі бойынша оның шарттары орындалмаған немесе осы Шартты Сақтандырушының орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда, соңғысы оған төленген сақтандыру сыйақысын Сақтанушыға толық қайтаруға міндетті.

**14.3.** Осы Шарттың 14.1. тармағының 2) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша осы Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтандырушы сақтандыру қолданылған уақытқа барабар сақтандыру сыйақысының бөлігіне құқығы бар.

**14.4.** Осы Шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылуы оның талаптарын Сақтанушының орындамауынан туындаған жағдайда, төленген сақтандыру сыйақысы қайтарылуға жатпайды.

**14.5.** Осы Шарттың 14.1. тармағының 4) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша осы Шарт мерзіміне бұрын тоқтатылса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйақысының сақтандыру кезеңі өтпеген қайтарылуға жататын сыйақы сомасынан 30 (отыз) пайыз мөлшерінде әкімшілік шығындарды алып тастағанда барабар сақтандыру сыйақысының бөлігін қайтарады.

**14.6.** Осы Шарттың тоқтатылуы осы Шарттың қолданысы кезеңінде сақтандыру жағдайынан болғаны мойындалған сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндетінен босатпайды. Сақтандыру жағдайында болған әрекет кезеңінде осы Шартты жасасқан Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

#### **15. Дауларды шешу тәртібі**

**15.1** Тараптар арасында осы Шарт бойынша туындайтын барлық даулар келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

**15.2.** Келісімге келмеген Тараптардың келіспеушіліктері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешіледі.

#### **16. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор)**

**16.1.** Тараптар, егер олар еңсерілмейтін күштің мынадай мән-жайларының туындауының салдары болып табылса, сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады: ядролық жарылыстың, улы заттардың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың, экологиялық апаттардың, соғыс қимылдарының, азаматтық соғыстың, халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің әсері, сондай-ақ Тараптар алдын ала болжай алмайтын және Тараптардың сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындауына тікелей әсер еткен сақтандыру шарты талаптарының орындалуына кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың табиғи зілзалалары мен актілері.

**16.2.** Еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындау себебі бойынша сақтандыру шартын орындаудың мүмкін еместігіне сілтеме жасаған Тарап бұл туралы басқа Тарапты оқиға басталған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей кез келген ықтимал тәсілдермен хабардар етуге міндетті.